


Тапқырлар тартысы



Тақырыбы: «Тапқырлар тартысы» сайысы

Мақсаты: а) Студенттердің ауызша есептеу қабілетін ойын арқылы жетілдіре отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейтіп есте сақтау қабілетін шыңдау;
ә) Ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, байқампаздыққа, шапшаңдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Түрі: топтық сайыс

Қажетті құрылғылар, көрнекіліктер:

презентациялар, фигуралар кескінделген парақтар, тапсырмалар.

Суретті құрастыру арқылы екі топтың ұйымдасуы, топтың атауы беріледі

Әр топ мүшелері өздерін таныстырады

1. Таныстыру.

4. «Кім жылдам»

2. Сергіту

5. «Білгенге
маржан»

3. «Бәрі бір
әріптен»

6. «Есептей
білсең, еселей
ұтасың»


«Таныстыру»

Әр топ мүшелері өздерін таныстырады



1. «Сергіту»

Әр сұраққа алдымен қол көтергені жауап береді



*1. 5 жыл бұрын ағасы мен
қарындасы бірге 8 жаста
болды. Тағы 5 жылдан кейін олар
қанша жаста болады?*

(18)



2. Әкесі 30 жаста, баласы 5 жаста. Неше жылдан кейін әкесі баласынан 27 жас үлкен болады.

(ешқашан)



3. Ағасы 12 жасқа толғанда
қарындасы неше жаста болады,
егер ағасы қазір 8-де, ал
қарындасы 3 жас кіші
болса?

(9)



4. Бір адамнан, қанша балаң бар деп сұрағанда, ол мысқылдап: «Менде қанша қызым болса, сонша ұлым бар. Әр ұлымда 3 қарындасы бар». Бұл отбасында неше бала?

(6)



5. Алты ағайынды туралы, (Мальчик с пальчик) Пьерро ертегісінде автор не себептен екені белгісіз, бір отынкесуші (дровосек) отбасында жеті ағайын және әрқайсысында жеті қарындастан болғанын айтпапты. Сонда бұл ертегідегі отбасында неше бала болған?

(14)



*6. Бір отбасында екі әкесі және
екі ұлы бар. Отбасында неше ер
адам бар?*

(3) ата , әке , немере




7. Әйел адам сыныптағы
балалардың біреуіне: «Мен сенің
анаңмын, бірақ сен маған ұлым
емессің »-дейді . Ол не дегені?

(ҚЫЗЫМСЫҢ ДЕГЕНІ)



8 . Бір азаматтың әкесі
Азамат Сарсенұлы, ал оның ұлы
– Аслан Болатұлы. Ол
азаматтың аты-жөні
кім?

(Болат Азаматұлы)



9. Таяқтың екі басы бар. Егер оның бір жағын кессе, таяқтың неше басы қалады?

(2)



*10 . Үстелде 3 стақан сүт бар.
Алмаз бір стақан сүтті ішіп
қойды. Үстелде неше стақан
бар?*

(3)



*11. 20 метр матаны 10 бөлікке
2 м-ден бөлу үшін, неше рет кесу
керек?*

(9)



*12. Әжесі мен ұлы ағашты 12 рет
кесті. Қанша бөрене
шықты?*

(13)



13. Ойыншылар шахматты 4 сағат ойнады. Әрқайсысы неше сағат ойнады?

(4)



*14. Ұлы, әкесі, атасы дойбы
ойнады. Барлығы 3 партия
ойналды. Әрқайсысы неше
партиядан ойнады?*

(2)



«Бәрі бір әріптен»

сайысы

*Командалар «П» әрпінен басталатын математикалық терминдер жазады.
Ең көп термин жазған команда – 5 ұпай, келесі – 4 ұпай , үшінші – 3 ұпай*




П



«Кім жылдам?» сайысы

Жасырылған сөзді тапқаны жылдам қол
көтеріп жауап береді



1. Бұл саған ... дейді шешесі
Үзіліс арасында ыңғайсыз жағдай
Тынымсыз оның аяқталғанын
тосасың

(сабақ)



2. Өзі қарбызға ұқсас
Геометриялық дене
Біз онда өмір сүреміз
(шар)



3. Үлкендер сөзімен, өмір- ол ...
1 сынып сонымен басталады
11 сынып сонымен аяқталады
(емтихан)



4. Нөл болып жазылып, нөлге
бөлінеді
Онымен банк несие береді
Санның жүзден бірі.
(процент)



5. Бір амал бар
Оның кестесі де бар
Ал байлыққа байлық қосылса


(көбейту)



6. Бөлмеде ол төртеу
Бұзықтарды сонда қояды
Транспортирмен өлшенеді.
(бұрыш)



7. Бір, үш, бес, он
Жиырма, елу
Жүз, екі жүз, мың бар,
Әрқайсысының құны бар.
(теңгелер)



8. Сабақ арасындағы
Мектептегі ең жағымды сәт
Өзі тез аяқталады.
(үзіліс)



9. Үздіктер оны сирек жасайды
Содан сабақ алады
Ол үшін баға кемітіледі

(Қате)



10. Әр есепте бар


Оны тауып алуға немесе қарап алуға
болады

Шешесі баласына: «Бұзақылық жасасаң,
.... бере біл.

(жауап)



**«Білгенге маржан»
сұрақтарға жауап
беру**



№1. СЫЗЫҚТЫҚ теңдеу дегеніміз не?

Жауабы: Теңдеуді *тепе-теңдікке* айналдыратын белгісіздің мәні

№2. a негізді b санының логарифмі дегеніміз не?

Жауабы: b саны шығатындай a -ның дәрежесін айтамыз



№3. Көрсеткіштік функция дегеніміз не?

№4. Логарифмдік функция дегеніміз не?

№5. Көрсеткіштік функцияның анықталу облысы

№6. Логарифмдік функцияның анықталу облысы



№7. Кез келген санның 0-ші
дәрежесі...

Жауабы: 1-ге тең;

№8. Негіздері бірдей сандар
көбейтілген кезде....

Жауабы: Бір негізді жазып, дәреже
көрсеткіштерін қосамыз;



**«Есептей білсең,
еселей ұтасың»**




$$7 + 7 : 7 =$$

$$\log_2 \sqrt[3]{4} =$$

$$\log_5 x = 3$$

$$\log_5 \frac{1}{25} =$$



$$19^x = 1$$

$$\log_5 \sqrt{5} =$$

$$11^x = 8^x$$


$$11^2 - 1 =$$

$$2^{3x} = 8$$

$$(\sqrt{2})^4 =$$


Капитандар сайысы





Кроссворд

Ұсынылған кроссвордтың әр жолында және қатарында бірінші қатардағыдай цифрлар мен арифметикалық таңбалар орналасқан. Горизонталь және вертикаль бойынша дұрыс теңдіктер шығатындай қылып осы цифрлар мен арифметикалық таңбаларды орналастырыңдар.



9	-	5	x	7	+	8	=	36
							=	54
							=	42
							=	52
=		=		=		=		
74		34		25		50		



9	-	5	x	7	+	8	=	36
x		x		-		+		
8	-	7	+	5	x	9	=	54
-		-		x		-		
5	+	9	-	8	x	7	=	42
+		+		+		x		
7	x	8	-	9	+	5	=	52
=		=		=		=		
74		34		25		50		



Екі қап берілген. Біреуі бос, екіншісінде
9 кг қант бар. 3 рет өлшеу
арқылы 50г және 200г гиряларды
пайдаланып қаптарға 2 кг және 7 кг
қантты қалай салуға болады?



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

